



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY




Құжат түрі: Ереже
Коды: П-УРС-01
Құжаттың атауы: "МегаШанс" Республикалық олимпиадасын өткізу тәртібі туралы ереже
Редакция: 8
Үдеріс иесі: Рекрутинг бөлімінің басшысы
Үдеріс: Талапкерлерді тарту
Қайта қарау мерзімі: 1 жыл
Қолданысқа енгізілген күні: _____ 20__ ж.
Күшін жою күні: _____ 20__ ж. _____
(қолы)
Күшін жоюдың негізі: _____

	Лауазымы	ТАӘ	Қолы	Күні
Өзірленді	Рекрутинг бөлімінің басшысы	Назарова Д.З.		20.04.2026
Келісілді	Академиялық даму жөніндегі проректор	Арын Ә.А.		23.04.26
	Коммуникациялар және студенттерді дамыту жөніндегі проректор	Марданов Д.Т.		20.04.26
	Заң басқармасының директоры	Купянская Т.Н.		20.04.26
	Қаржы департаментінің директоры	Нургазина А.М.		21.04.26
	Стратегиялық маркетинг, PR және GR басқармасының директоры	Абубакирова З.Д.		20.04.26
	Интеграцияланған басқару жүйелері басқармасының директоры	Газизова Н. А.		21.04.26

Мазмұны

1. Құжаттың мақсаты	3
2. Құжаттың қолдану саласы	3
3. Сілтемелер	3
4. Терминдер мен қысқартулар	3
5. Жауапкершілік	4
6.Өткізу түрі.....	4
7. "МегаШанс" Республикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу тәртібі.....	4
8. "МегаШанс" Республикалық Олимпиадасының кезеңдері.....	6
9. Гранттар мен жеңілдіктер беру тәртібі.....	8

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-УРС-01	«МегаШанс» Республикалық олимпиадасын өткізу тәртібі туралы ереже	8 редакция	3 - 9
--	----------	---	------------	-------

1. Құжаттың мақсаты

1.1. Осы Ереже «МегаШанс» Республикалық олимпиадасына қатысу нәтижелері бойынша Білім беру мекемесі «AlmaU» (бұдан әрі – Университет) бакалавриат бағдарламалары бойынша атаулы гранттар мен оқу жеңілдіктерін беру тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже:

- Олимпиаданы өткізуге қойылатын негізгі талаптар мен шарттарды айқындайды;
- Олимпиаданы өткізу тәртібін, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді іріктеу критерийлерін реттейді.

1.3. Олимпиадаға қатысушылар Қазақстан Республикасының ағымдағы жылғы мектеп түлектері мен колледж түлектері, AlmaU ББМ бакалавриат дәрежесін алуға ниет білдіргендер болып табылады.

1.4. Олимпиадаға қатысу үшін қатысушы ұйымдастыру комитеті көрсеткен электрондық сілтеме/нысан бойынша тіркелуі қажет. Электрондық өтінімдерді қабылдау мерзімдері мен форматын конкурстың Ұйымдастыру комитеті белгілейді және Университеттің әлеуметтік желілері мен сайтының ресми беттерінде жарияланады.

1.5. Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- талапкерлерді сапалы іріктеу;
- Қазақстанның талантты және дарынды жастарын анықтау;
- Қазақстан Республикасының барлық облыстарынан талапкерлерге олимпиадаға қатысу мүмкіндігін беру.

Олимпиаданы өткізу тілі-қазақ, орыс және ағылшын.

2. Құжаттың қолдану саласы

2.1. Осы Ереже "Алматы Менеджмент Университеті" ББМ (бұдан әрі – Университет) оқу үдерісін реттейтін құжаттардың құрамына кіреді.

2.2. Осы Ереженің талаптары рекрутинг бөлімінің және конкурс комиссиясы мүшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

3. Сілтемелер

3.1 Осы ереже мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі-МЖМБС);
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығымен бекітілген;
- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген, 11.08.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;
- Белгіленген тәртіппен бекітілген "Алматы Менеджмент Университеті" ББМ білім беру гранттары мен жеңілдіктер туралы ережесі.

4. Терминдер мен қысқартулар

Ұсынылған құжатта келесі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

ББМ – Білім беру мекемесі

РБ – Рекрутинг бөлімі

Ұйымдастыру комитеті - ұйымдастыру комитеті

ПОҚ-профессор-оқытушылық құрам

Сұхбат – бұл жоғары оқу орны өкілдерімен өтетін кездесу, онда талапкердің білімі бағаланып, сұрақтар қойылады.

5. Жауапкершілік

5.1. Ұйымдастыру комитеті олимпиаданың жалпы ұйымдастырылуына жауап береді.

5.2. Конкурстық комиссия осы Ережеге сәйкес жұмыстарды жүргізу және бағалауға, сондай-ақ конкурс жеңімпаздарын анықтауға жауапты болады.

5.3. Осы Ережені орындамағаны үшін жауапкершілік рекрутинг бөлімінің басшысына жүктеледі.

6.Өткізу түрі

6.1. Олимпиада онлайн форматта екі турда өткізіледі:
- Бірінші іріктеу кезеңі (I), аралық кезең (тек кейбір мектептерде) және соңғы тур (II)

Барлық өзгерістер AlmaU-дың әлеуметтік желілерінде (@almau_edu), ресми сайтында (almau.edu.kz) және олимпиаданың Telegram-арнасында - <https://t.me/almauforyou> жарияланатын болады.

7. "МегаШанс" Республикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу тәртібі


7.1. Конкурсты ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ Ректорының бұйрығымен оны өткізу кезеңіне Университеттің профессор-оқытушылар құрамынан Конкурстық комиссия құрылады.

7.2. Конкурстық комиссия мектептер мен институттардың өкілдерінен тұрады:

- Цифрлық технологиялар және экономика мектебінің өкілі
- Урбанистика Институтының өкілі
- Спорт менеджменті орталығының өкілі
- School of Social Sciences and Transformative Humanities өкілі
- Құқық институтының өкілі
- Халықаралық қатынастар институтының өкілі
- Sharmanov School of Health Sciences өкілі
- Media and Film School өкілі
- Кәсіпкерлік институтының өкілі
- Пәнаралық бағдарламалар орталығының өкілі

7.3. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың регламенті мен мерзімдерін белгілейді;
- "Қатысушылар-Университет" екіжақты байланысын қамтамасыз етеді;
- Олимпиадаға дайындықты үйлестіреді және бақылайды;
- Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады;
- Қатысушы мен Конкурстық комиссия арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

	П-УРС-01	«МегаШанс» Республикалық олимпиадасын өткізу тәртібі туралы ереже	8 редакция	5 - 9
--	----------	---	------------	-------

7.4. Конкурстық комиссия:

- 1-турдың нәтижелерін қарастырады;
- 2-турға арналған конкурстық тапсырмаларды өзірлейді;
- нәтижелерді бағалап, Олимпиада жеңімпаздарын анықтайды;
- 2-турдың нәтижелерін және конкурстық тапсырмаларды тексеру қорытындыларын Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде Рекрутинг бөліміне ұсынады және бағалау мен тексерудің сапасына жауапты болады;

7.5. Конкурс жеңімпаздарын Конкурстық комиссия айқындайды:

Цифрлық технологиялар және экономика мектебі	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 4 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 2 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Менеджмент және туризм мектебі	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 4 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Менеджмент және туризм мектебі	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 4 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 1 жеңімпаз-бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Урбанистика институты	1 жеңімпаз-бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік;
Құқық институты	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 1 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Халықаралық қатынастар институты	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 1 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Sharmanov School of Health Sciences	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 2 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік;
Media and Film School	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 2 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік;
Кәсіпкерлік институты	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 1 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік; 1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 30% жеңілдік;
Пәнаралық бағдарламалар орталығы	1 жеңімпаз - бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдік; 1 жеңімпаз – бүкіл оқу кезеңіне 50% жеңілдік;

7.6. Нашар нәтиже болған жағдайда Мектеп жеңімпазды анықтамауға құқылы;

7.7. Қатысушыларды Конкурстан дисквалификациялау және оны кез келген кезеңде қатысудан шеттетуге мынадай жағдайлар негіз бола алады:

- Олимпиада турларының біріне қатыспау;
- жұмыстың ұйымдастырушылар белгілеген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 1 және 2 турлар барысында қатысушы тарапынан белгіленген ережелерді бұзуы (көшіру, басқа қатысушыларға сұрақтармен жүгіну және нақтылау, шпаргалкалар, смартфондарды, планшеттерді пайдалану, калькулятордан басқа).

7.8. Дисквалификацияланған қатысушының жұмысы конкурстық комиссия тарапынан тексеруге қабылданбайды.

7.9. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері, сондай-ақ жеңімпазды анықтауда Ұйымдастыру комитеті немесе Конкурстық комиссия тарапынан жеке мүдденің бар екені анықталған жағдайда, қатысушы дисквалификацияланады, оның нәтижелері жойылады, ал университет қызметкеріне сөгіс жарияланады.

7.10. Олимпиаданы өткізу кезінде объективтілік және ашықтық қағидаттарының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, оның ішінде Ұйымдастыру комитеті немесе Конкурстық комиссия мүшелері тарапынан мүдделер қақтығысы не өзге де заңға қайшы әрекеттер орын алса, Олимпиада нәтижелері белгіленген тәртіпке сәйкес қайта қаралады немесе күшін жояды.

Аталған бұзушылықтарға жол берген Университет қызметкерлеріне Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылады.

8. "МегаШанс" Республикалық Олимпиадасының кезеңдері

Олимпиадаға Қазақстан Республикасы мектептерінің бітіру сыныптарының оқушылары, сондай-ақ колледждердің бітіру курстары қатыса алады.

Олимпиадаға қатысу үшін талапкер түсуді жоспарлап отырған мамандығын көрсете отырып, ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде тіркеуден өтуі қажет.

Талапкерді "МегаШанс" Олимпиадасына қатысуға жіберу Олимпиада шарттары сақталған және тіркеуді дұрыс толтырған кезде жүзеге асырылады.

"МегаШанс" Олимпиадасына 2 тур және аралық кезең кіреді.

8.1. I тур. Математикалық сауаттылық тесті

Бұл турда қатысушы тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілген онлайн платформада тестілеуден өтуі қажет.

Тестілеу бойынша мүмкін болатын ең жоғары балл 30 баллды құрайды.

Тапсырмалар 5 сұрақтан тұратын 4 қиындық деңгейі бойынша берілген. Ең жоғары балл жинаған және мамандық бойынша іріктеу үшін белгіленген қатысушылар санына кіретін талапкерлер 2-турға жіберіледі.

1-турдың ұзақтығы 60 минутты құрайды. Қатысушының кінәсінен туындаған техникалық ақаулар орын алған жағдайда, оның қатысу нәтижелері жойылуы мүмкін.

Интернет-қосылымның үзілуі немесе тұрақсыздығына байланысты туындаған мәселелер кезінде де қатысу нәтижелері жойылуы мүмкін. 2-турға өтетін қатысушылар саны талапкер тіркеу кезінде таңдаған Мектепке байланысты анықталады.

2 турға рұқсат етілген талапкерлер саны:

Цифрлық технологиялар және Экономика мектебі - 30 талапкер;

Менеджмент және туризм мектебі - 50 талапкер;

Урбанистика институты - 10 талапкер;

Құқық институты - 20 талапкер;

Халықаралық қатынастар институты - 10 талапкер;

Shamanov School of Health Sciences – 20 талапкер;

Media and Film School – 15 талапкер;

Кәсіпкерлік институты - 15 талапкер;

Пәнаралық бағдарламалар орталығы - 10 талапкер;

Белгіленген қатысушылар саны шегінде балл тең болған жағдайда, бірдей нәтиже көрсеткен барлық талапкерлер 2-турға жіберіледі.



2-турға өту туралы қорытынды нәтижелер AlmaU әлеуметтік желілерінде (@almau_edu), ресми сайтында (almau.edu.kz) және олимпиаданың Telegram-арнасында (<https://t.me/almauforyou>) жарияланады.

8.2. Аралық кезең және финалдық тур (II)

	Аралық кезең	Финалдық тур (II)
Цифрлық технологиялар және Экономика мектебі	Жоқ	Онлайн: эссе жазу
Менеджмент және туризм мектебі	Жоқ	Онлайн: сұхбат
Урбанистика институты	Жоқ	Онлайн немесе офлайн: жобаны қорғау
Құқық институты	Онлайн: эссе жазу	Онлайн: сұхбат
Халықаралық қатынастар институты	Жоқ	Онлайн: презентация және ауызша емтихан
Shamanov School of Health Sciences	Жоқ	Онлайн: сұхбат
Media and Film School	Онлайн: жобаны қорғау	Онлайн: сұхбат
Кәсіпкерлік институты	Онлайн: жобаны қорғау	Онлайн: сұхбат
Пәнаралық бағдарламалар орталығы	Жоқ	Онлайн: жобаны қорғау

Олимпиаданың қорытынды турына комиссия шешімімен белгіленген қажетті балл санын жинаған қатысушылар жіберіледі.

8.3. Қатысушы Олимпиаданың соңғы турына кіруге/қосылуға алдын-ала дайын болуы керек, өйткені екінші турдан өту үшін белгілі бір уақыт (уақыт шектеулі) беріледі.

8.4. Қатысушының интернетке қолжетімділігі, бейнекамерасы (ноутбук, компьютер немесе телефон), сондай-ақ микрофонға қолжетімділігі (ноутбук, компьютер немесе телефонның дыбыстық мүмкіндігі) болуы тиіс.

Екінші тур-бұл әртүрлі форматтар.

2-турға қосылуды күту уақыты - **5 минут**. Белгіленген уақыттан асып кеткен жағдайда, Олимпиадаға қатыспайды.

Олимпиада аясында өтетін барлық сұхбаттар жазылады (бейне және аудио). Жазба сұхбаттасу нәтижелерін тексеру және бағалау мақсатында пайдаланылады. Қатысушылар сұхбаттасуды жазуға келіседі және қажет болған жағдайда осы материалдарды пайдалануға келісім береді.

2-турдың қорытынды нәтижелер AlmaU әлеуметтік желілерінде (@almau_edu), ресми сайтында (almau.edu.kz) және олимпиаданың Telegram-арнасында (<https://t.me/almauforyou>) жарияланады.

8.5. Апелляция тәртібі

8.5.1. Олимпиадаға қатысушы тиісті кезеңнің нәтижелері ресми жарияланған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Олимпиаданың кез келген кезеңінің нәтижелері бойынша апелляция беруге құқылы.

8.5.2. Апелляция қатысушының Т. А. Ә, Олимпиаданың таңдалған бағыты және өтініш беру себептерінің негіздемесі міндетті түрде көрсетіле отырып, Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті көрсеткен мекенжайға электронды түрде беріледі.

8.5.3. Апелляция Конкурстық комиссия келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

8.5.4. Апелляцияны қарау қорытындысы бойынша нәтижелерді өзгеріссіз қалдыру не оларды қайта қарау туралы шешім қабылданады.

8.5.5. Апелляция бойынша шешім нақты болып табылады және қатысушыға электронды түрде жеткізіледі.

Қосымша шарттар:

- Қатысушының кінәсінен туындаған техникалық ақаулар орын алған жағдайда, оның қатысу нәтижелері жойылуы мүмкін;
- Интернет-қосылымның үзілуі немесе тұрақсыздығына байланысты туындаған мәселелер кезінде қатысу нәтижелері жойылуы мүмкін;
- университеттің кінәсінен техникалық ақаулар туындаған жағдайда талапкерлерге қосымша уақыт беріледі немесе турды тапсыру үшін қосымша күн тағайындалады.

9. Гранттар мен жеңілдіктер беру тәртібі

9.1. Олимпиада нәтижелері бойынша жеңімпаздарға «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ бакалавриат бағдарламасына оқуға мемлекеттік атаулы жеңілдіктер беріледі.


Конкурстық комиссия гранттар мен жеңілдіктерді тағайындау туралы шешімді олимпиада нәтижелері және тіркеу кезінде таңдалған мамандық негізінде қабылдайды. Ең жоғары балл жинаған қатысушылар жеңімпаз деп танылады.

9.2. Гранттар мен жеңілдіктер "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына" сәйкес тіркеу кезінде көрсетілген мамандықты таңдаумен айқындалатын университет мамандығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы "31" қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес беріледі.

9.3. Жеңімпаз сертификатын пайдалану үшін Олимпиада жүлдегері ҰБТ сертификатын кемінде 50 жалпы баллмен ұсынуы, сондай-ақ әрбір пән бойынша кемінде ең төменгі шекті балл, атап айтқанда: Қазақстан тарихы және бейіндік пәндер бойынша кемінде 5 балл, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 балл жинауы қажет. Бұл ретте ҰБТ бейіндік пәндері дайындықтың таңдалған бағытына сәйкес келуі тиіс.

9.4. Гранттар мен жеңілдіктер:

- Жеңілдік келесі талаптарды сақтай отырып бүкіл оқу кезеңіне бөлінеді:
 - 1) әр семестрдің нәтижелері бойынша GPA орташа балын 3,0-ден төмен болмауы
 - 2) академиялық берешегінің болмауы.Осы талаптар сақталмаған жағдайда жеңілдік қалпына келтіру құқығынсыз күшін жояды. Олимпиада нәтижелері бойынша берілген оқу жеңілдігін тек

	П-УРС-01	«МегаШанс» Республикалық олимпиадасын өткізу тәртібі туралы ереже	8 редакция	9 - 9
--	----------	---	------------	-------

Олимпиада өткізілген тиісті оқу жылында ғана пайдалануға болады. Кейінгі оқу жылдарында бакалавриатқа түсу кезінде жеңілдіктер жарамсыз болып табылады. еңілдіктер атаулы болып табылады және нақты бір жеке тұлғаға беріледі. Грантты немесе жеңілдікті үшінші тұлғаға беруіне жол берілмейді.

9.5. Дербес деректерді өңдеу және жазуға келісім беру

9.5.1. Олимпиадаға қатысу үшін тіркелу арқылы қатысушы Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті көлемде өз жеке деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университеттің жинауына, өңдеуіне және сақтауға келісімін береді.

9.5.2. Қатысушылардың дербес деректері тек қана олимпиаданың кезеңдерін тіркеу, өткізу, жеңімпаздарды анықтау, қатысушыларды нәтижелер туралы хабардар ету, сондай-ақ берілетін гранттар мен жеңілдіктерді ресімдеу мақсатында пайдаланылады.

9.5.3. Қатысушы онлайн форматта өткізілетін сұхбаттар мен Олимпиаданың өзге де кезеңдерін аудио- және бейнежазбаға түсіруге келісім береді. Көрсетілген материалдар тек нәтижелерді тіркеу, апелляцияларды қарау және Олимпиаданы өткізу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ғана пайдаланылады.

9.5.4. Университет қатысушылардың дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді.